



**Автор:** Махмудова Айнур Амандыковна

**Пән:** Қазақ әдебиеті


**Сынып:** 9-сынып

**Бөлім:** Атадан қалған асыл сөз

**Тақырып:** Әнет баба Не арсыз? Не ғайып? Не даусыз?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	9.1.1.1. Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: -Шығарманың мазмұнын түсініп, сюжеттік-композициялық талдау жасайды. Көпшілік оқушылар: -Тақырыпқа қатысты өз көзқарастарын білдіріп, түйінді ой айта алады. Кейбір оқушылар: -Берілген тақырыпты өмірмен байланыстырып, бүгінгі күнмен салыстыра алады.
Тілдік мақсаттар:	Нақты тақырыпқа арналған сөздік қор мен термин сөздер:Әнет баба,не ғайып, жеті жоқ,жеті жетім, үш арсыз,үш тәтті.
Бағалау критерийлері:	- Шығарманың мазмұнын түсінеді,сюжеттік-композициялық құрылысына талдау жасайды; - Тақырыпқа қатысты өз көзқарастарын білдіріп, түйінді ой айтады. - Берілген тақырыпты өмірмен байланыстырып, бүгінгі күнмен салыстырады.
Құндылықтарды дарыту:	Қоғамдағы ұлттың бірлік, бейбітшілік пен келісім қалыптастыру бағыты, достық пен ынтымақтастыққа баулу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	презентация видеоматериал
Пәнаралық байланыс:	Қазақ тілі,қазақстан тарихы
Бастапқы білім:	Мөңке би «Төрт тентек»

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	Ұйымдастыру кезеңі (сәлемдесу, түгелдеу) Психологиялық ахуал қалыптастыру: "Ақыл, қайрат, жүрек" тренингі. Топқа бөлу Ақылды, қайратты, жүректі бейнелейтін суреттермен 3 топқа бөлінеді:«Ақыл», «Қайрат», «Жүрек» Ширату жаттығуы: «Қоржындағы сұрақ» әдісі арқылы үй тапсырмасы пысықталады..	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 мин)	<p>«Миға шабуыл» әдісі «Алтын басты болсаң да, ардан артық емессің» деген Б.Момышұлының даналық сөзіне оқушылардың ауызша ойы тыңдалады. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау. Ойлау дағдыларының деңгейі. Білу.Түсіну Жеке жұмыс «INSERT» әдісі бойынша Әнет бабаның «Не арсыз? Не ғайып? Не даусыз?» атты даналық сөзін оқушылар алдымен оқып, кестені толтырады. «V» «Білемін» «-» «Мен үшін түсініксіз» «+» «Мен үшін жаңа ақпарат» «?»«Менітаңғалдырады»</p> <p>Дескриптор: - Шығарманың мазмұнын түсінеді. -Ақпаратты саралайды. ҚБ: «Сұраққа жетіп ал» әдісі бойынша мұғалімніңсұрақтарына оқушылар жауап береді: -Үш арсыз не? -Үш ғайыпты ата. -Үшдаусыз не? - Жеті қазынаны ата. -Жеті жетімге не жатады?... Ойлаудағдыларының деңгейі. Талдау Топтық жұмыс Әр топқа әр түрлітапсырмалар беріледі: 1-топ «Әдебиет лотосы» әдісі арқылы бұл топмүшелері Шығарма аты Авторы Кейіпкері Жанры Өз ойым кестесін толтырады. 2-топ «Оқиға кадрлары» әдісі бойынша бұл топмүшелері шығармаға композициялық жоспар құрады, оқиғаныңсюжетінқысқаша әңгімелейді. 3-топ «Ой тапқыштар» әдісі арқылы бұл топмүшелері шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтайды. Дескриптор: -Шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысына талдау жасайды; -Шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтайды. -Шығармаға өз көзқарасын білдіреді ҚБ:«Допты лақтыру» әдісі -Шығарманың тақырыбымен идеясы қандай? -Шығарманың түйіні неде? -Тәрбиелік мәні қандай? Ойлау дағдыларының деңгейі. Қолдану ЖЖ «Венн диаграммасы» әдісімен жұмыс Әнет бабаның айтып кеткен жеті қазынасы ұқсастығы Болашақтың жеті қазынасы Дескриптор: -Шығармаларға салыстыружасайды; -Өз ойларын өмірмен байланыстырады. ҚБ: «Серпілген сауал»әдісі арқылы жұптың жауабын мұғалім сол жұп отырған топқа «Қалайойлайсыздар, жауабы дұрыс па, не қосасыздар?» деген сауалмен керібайланыс жасайды.</p>	<p><a href="http://tilalemi.kz/lesson/153-.html">http://tilalemi.kz/lesson/153-.html</a> Қазақ әдебиеті оқулығы. «Атамұра» Алматы. 2019 28 бет Bilim land 50 әдіс МАН 50 әдіс Үлестірме материал</p>
Сабақтың соңы (10 мин)	<p>Сабақты қорытындылау «Желпуіш» әдісі Топқа ортақ 1 түрлі түсті А4қағазы таратылып, одан бүктеліп желпуіш жасалады. Оның әр қырына оқушылар кезекпен сабақ бойынша түсінгенін 1 сөйлеммен жазып шығады. Топ алдында оқылады. "Рефлексия пирамидасы" Үйге:Майқы би мен Әнет баба шешендік толғамдарын салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына талдау жасаңдар.</p>	<p>50 әдіс А4 форматы, маркерлер "Рефлексия пирамидасы" Үлестірме материал 20-күн</p>